

"Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 13 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 наурызда № 2563 болып тіркелді . Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 212 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 11.07.2016 № 212 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Басқарма) ережесі бекітілсін.
2. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
 - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің

міндеттін атқарушы

Б. Орынбеков

"Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, облыс бюджеттінің атқарылуын қамтамасыз ету және облыстық коммуналдық меншіктегі мүліктерді басқару функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекеме ұжымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080012, Қазақстан

Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 78

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

облыстық бюджеттің толық және уақытылы атқарылуын және облыстық коммуналдық меншіктегі мұліктерді тиімді басқарылуын қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) бюджетті атқару саласындағы функцияларды жүзеге асыру, бухгалтерлік есеп, бюджеттік есеп және жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жүргізу;

2) облыстық коммуналдық меншікті басқаруды және жекешелендіруді ұйымдастырады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

16. Функциялары:

1) облыс бюджетінің атқарылуын ұйымдастыру және облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті органдардың қызметтерін үйлестіру;

2) облыстық бюджеттің міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;

3) облыстық бюджеттің міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің толық және уақытылы есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі

іс-шаралар кешенін жүргізу;

- 5) бюджет ақшасын басқаруды жүзеге асыру;
- 6) облыстық бюджеттің қолма-қол ақша легінің болжамын жасау;
- 7) облыстық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы мониторингін жүргізу;
- 8) мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін өз билігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарларын келісу;
- 9) жергілікті атқарушы органның секвестр жүргізу туралы қаулысының негізінде облыстық бюджетті түзетуді жүзеге асыру;
- 10) азаматтық-құқықтық мәмілелердің тіркелуін жүзеге асыруды және секвестрлеу белгіленген бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдер жүргізуді тоқтата тұру;
- 11) бюджеттік мониторингті жүзеге асыру;
- 12) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және ұсыну;
- 13) облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебін жасау және облыс әкімдігіне, облыстың тексеру комиссиясына, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органға беру;
- 14) ай сайын және жыл қорытындылары бойынша Бюджет кодексінің 124-бабында көзделген есептерді жасау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсыну;
- 15) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің орындалуына мониторингін жүргізу;
- 16) облыс мәслихатының шешімі негізінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін қабылдау;
- 17) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерін орындау;
- 18) облыстық бюджет есебінен бюджеттік кредит беруді қамтамасыз ету, кредит шарты талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- 19) бюджеттік кредитке қызмет көрсету;
- 20) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайдаң болуын бақылау;
- 21) бюджеттік кредиттер бойынша бюджеттік мониторинг жүргізуді және нәтижелерді бағалауды жүзеге асыру;
- 22) қарыз алушылар мен сенім білдірілген өкілдер (агенттер) тұрғысында барлық берілген бюджеттік кредиттердің тізілімдерін жүргізу;

23) қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға рұқсатнама беру, мемлекеттік мекемелерге кодтар беру және жабу;

24) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бюджет қаражатын басқару бойынша қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу;

25) облыс әкімдігінің бюджет қаражатын басқару бойынша қызметінің тиімділігін бағалау үшін мәліметтерді жинақтау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсыну;

26) облыстық коммуналдық меншікте тұрған акцияларының пакеттері мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарды және мемлекеттің қатысу үлесі бар серіктестіктерді басқарады, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүдделерін білдіреді;

27) облыстық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірістерінің акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендердің және облыстық коммуналдық меншікте мемлекеттің қатысу үлестері бар занды тұлғалардың қатысу үлестеріне кірістердің дұрыстығын бақылайды;

28) облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіп береді;

29) облыстық маңызы бар қаланың, ауданның коммуналдық мүлкінің деңгейіне облыстық коммуналдық мүлікті беру туралы шешім қабылдайды;

30) облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру жөнінде шешім қабылдайды;

31) облыстық коммуналдық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына немесе акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

32) облыстық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастыруды;

33) облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде жекешелендіру үдерісін ұйымдастыру үшін делдалды тартуы мүмкін, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

34) облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға алуға), кейіннен сатып алу құқығымен немесе сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен өтеусіз беру құқығымен береді;

35) облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді сенімгерлік басқаруышының орындауын, мүліктік жалға беру (

жалдау) шарттары талаптарының сақталуына мониторинг жүргізеді;

36) өзіне осы Ережеде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, өзге де үйымдардан және жеке тұлғалардан "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) тиісті бюджеттік комиссияның мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстары негізінде бюджет қаражатын қысқарту туралы шешім қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды тоқтата тұруға;

3) коммуналдық меншікте тұрған акционерлік қоғамдардағы мемлекеттік үлеске және коммуналдық басқа да мүлікке иелік етуге, пайдалануға, сондай-ақ, заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген жағдайларда билік етуге құқығы бар.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру

18. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жамбыл облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мекеме басшысы дара басшылық принципімен әрекет етеді және мекеме қызметіне байланысты барлық мәселені уәкілетті орган берген құзыретінің шегінде және осы Ережеге сәйкес дербес турде шешеді;

2) "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) барлық органдарда "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы"

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұддесін қорғайды;

4) "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкіне қожалық етеді, келісім жасайды, сенімхаттар береді;

5) банкіде есепшоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;

6) барлық қызметкерлерге міндettі болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

7) "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

8) қызметкерлерді марапаттау және оларға шара қолдануды анықтайды;

9) "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді;

10) сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапкершілік көтереді.

"Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаган кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

22. Бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органдық мүлкі

23. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК